## Маңызды стратегиялық мәні бар тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 қыркүйектегі N 979 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Siemens AG компаниясы мен "Сименс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар Астана қаласының пилоттық аймағында мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасын құру жөніндегі тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді көрсетушілер болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғалармен 2005 жылға арналған республикалық бюджетте 011 "Мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасын құру" бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шегінде 887469000 (сегіз жүз сексен жеті миллион төрт жүз алпыс тоғыз мың) теңге сомасына тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды;

тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді мемлекеттік сатып алу үшін осы қаулыға сәйкес пайдаланылатын қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын сақтауды;

құрылатын мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасындағы ақпарат қауіпсіздігі жөніндегі арнайы талаптарды сақтауды;

осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК